

**Ақмола облысы білім басқармасының жаңындағы «Щучинск қаласы,  
жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК  
(бұдан әрі-колледж) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі  
талдау жүргізу нәтижелері бойынша  
2023 жылғы I маусымынан 2024 жылғы I шілдесіне дейінгі  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтарындағы № 21 бұйрығына сәйкес, колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында Басшы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2024 жылғы 14 мамырындағы № 38-ІІ бұйрығын қабылдады (қоса беріледі).

Талдау жүргізу кезеңі 2023 жылғы I маусымнан 2024 жылғы I шілдесіне дейін. Талданатын кезең 01.06.2023-01.07.2024 ж.ж.

Бұйрыққа сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобының құрамы бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету, үйлестіру және жауапкершілік басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Х. Н. Ахметоваға жүктелген.

Колледж өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін және т. б. басшылыққа алады.

Колледж өз қызметін Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 3 қаңтарындағы № А-1/2 қаулысымен бекітілген Жарғы негізінде жүзеге асырады.

Колледж басшысы - Қожақов Азамат Маратович. Ақмола облысы білім басқармасы басшысының 2021 жылғы 3 тамызындағы № 77 бұйрығымен аталған лауазымға тағайындалды.

Колледж қызметінің мақсаты білікті кадрларды, оның ішінде жұмысшыларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында мыналар анықталды:

**«Нормативтік-құқықтық актілер» бағыты.**

Талданатын кезеңде 532 бұйрық әзірленді және қабылданды, оның ішінде негізгі қызмет бойынша – 227, жеке құрам бойынша - 230, іссапар - 22, демалыс - 53. Бұйрықтар жүйеленген, арнайы есепке алу журналында тіркеледі. Барлық бұйрықтар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шығарылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке

тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар белгіленбеген.

Колледжде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында басқарманың қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау тұрғысынан нормативтік құқықтық актілер қаралды. Талдау барысында нормативтік-құқықтық актілер зерделенді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Қолданыстағы ІҚА-де анықталды:

«Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 30 наурызда №7495 болып тіркелді, жаңа редакцияда ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашасынан №568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашасынан №432 «Мемлекеттік білім беру ұйымының педагогтерін лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату тәртібі» туралы 3-тарауының, «Мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына орналасуға конкурс өткізу тәртібі» 1 параграфына сәйкес педагогтерді білім беру ұйымына жұмысқа қабылдау, педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға арналған конкурс нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Жұмысқа қабылдау шарттарының бірі педагогтердің білімін бағалау сертификатының (бұрын ҰБТ) болуы немесе педагог-модератордың, педагог-сараншының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлігі (бар болса) болып табылады.

Жұмысқа қабылдау кезінде кейбір қайшылықтар туындайды. Мысалы, қызметкерді оқу жылының ортасында немесе тамыз айының соңында жұмысқа орналастыру керек, бірақ ІНБ базасы жылына екі рет ашылатындықтан, мұғалімдердің тестілеуден өтуге, демек, мұғалімнің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға мүмкіндігі жоқ. Осылайша, білім беру ұйымы мамансыз қалады. МЖМБС сәйкес оқу бағдарламасын орындау үшін ұйым педагогты осы анықтамасыз қабылдауға мәжбүр, бұл сыбайлас жемқорлық қаупі болып табылады.

#### **«Персоналды басқару» бағыты.**

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша колледждің штат саны 125 адамды құрайды, оның ішінде 10 адам декреттік демалыста: 28 оқытушы, 2 өндірістік оқыту шебері, 89-техникалық персонал, 6 - әкімшілік корпус.

Барлық қызметшілер лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Кадр қызметінің жұмысын талдау көрсеткендей, 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде 26 еңбек шарты жасалды, 37 еңбек шарты бұзылды (оның ішінде 2/екі/-оқытушы,



1/бір/өндірістік оқыту шебері, 6/алты / -жылыту маусымы кезеңіне от жағушылар, 2/ екі / - оқытушы / толық емес жұмыс күні/, 5 / бес / - декреттік демалыс). Барлық еңбек шарттары тараптардың келісімі бойынша Еңбек кодексіне сәйкес бұзылды.

Талдау жүргізу барысында колледж қызметкерлерінің жеке істері, оның ішінде біліктілігі (дипломдары) берілген жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар зерделенді. Барлық қызметкерлер уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Қазақстан Республикасы Бағ прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес қызметкерлердің жеке істерінде соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан шығару Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады. Құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Колледжде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тартылған, қылмыстық істері үшін соттылығы бар, не соттылығы өтелмеген қызметкерлер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

#### **Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бағыты.**

Талданып отырған кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жағдайы, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу мен қарау тәртібі ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес мерзімдерді сақтай отырып, белгіленген тәртіппен жүргізілетіні анықталды.

Тексерілетін кезеңде заңды және жеке тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Колледж лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар түскен жоқ.

#### **«Мемлекеттік қызметтер» бағыты.**

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 31 қаңтарындағы № 39НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес колледжде 8 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру;
- Техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;

- Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру.

- Білім туралы құжаттар туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету).

2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде барлығы: 306 қызмет көрсетілді, оның ішінде:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау - 85 қызмет;

- білім алушыларға жатақхана ұсыну-114 қызмет;

- техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың толнұскаларын беру - 22 қызмет;

- білім алушыларға академиялық демалыс беру-7 қызмет;

- білім алушыларды қайта қабылдау және ауыстыру-12 қызмет;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру - 3 қызмет;

-Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру - 2 қызмет.

Сондай-ақ, қызметтер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

Мерзімдерді бұзу және қызмет көрсетуден бас тарту жоқ.

**«Ұйымдастыру-басқару қызметі» бағыты.**

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.**

01.06.2023 ж. бастап 01.06.2024 ж. дейінгі кезеңде колледж 234 сатып алуды өткізді, оның ішінде:

- Бір көзден сатып алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы - 13;

- баға ұсыныстарын сұрату-165;

- Бір көзден сатып алу тәсілімен сәтсіз сатып алулар бойынша -55;

- рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс-1.

Шарттар баға ұсыныстарын, сұрату конкурсын өткізу арқылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес қатаң түрде жасалады.

Сот жұмысы барысында тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар сот шешімімен танылып, 10 өнім берушінің тізіліміне



енгізілді. Себептері: Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару және шарттық міндеттемелерді орындамау.

**Студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.**

Құқықтық тақырыптарға дөңгелек үстелдер, оның ішінде ата-аналардың, педагогтардың, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен дәрістер, әңгімелер өткізіледі.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша Бурабай ауданының полиция бөлімімен тұрақты байланыс бар.

Қазіргі уақытта Бурабай ауданының ББ-да есепте тұрған колледж студенттері жоқ.

**Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша ұсынылды:**

1. ҰТО РМҚК-ға (Ұлттық тестілеу орталығы) жұмысқа орналасатын педагогтер үшін ПББ тапсыру мерзімін өзгерту ұсынысымен хат жолдау.
2. Колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, оның ішінде «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, «Білім туралы» Заңын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қатаң сақтауын қамтамасыз ету;
3. Колледжде кадрлардың негізсіз ауысуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;
4. Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жоспарланған мемлекеттік сатып алуды белгіленген мерзімде заңнамаға сәйкес қатаң түрде жүргізу;
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің жалақысын, сыйлықақыларын және қосымша ақыларын есептеу сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлық ақыларына үстемеақы белгілеу қағидаларына сәйкес жүргізілсін.

**Жұмыс тобы:**

**Уәкілетті тұлға**



Ахметова Х.Н.

**Топ мүшелері**




Перминов М.С.

Пушкарев М.А.

Нурисламова Н.А.

Ярославцева О.А.

**Келісілді**



Кожиков А.М.